## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1860

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілердің алдындағы міндеттемелерін орындау және дефольт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кепілдігі бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000001, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000002, 1993 жылғы 4 мамырдағы N 26-14/110, 1994 жылғы 29 маусымдағы N Ф - 22-3/42, 1994 жылғы 3 маусымдағы N Ф - 22-3/38, 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 001 және N 002 берілген мемлекеттік кепілдіктеріне және Әлембанк (бұрынғы Қазсыртэкономбанкі) ұсынған Қазақстан Республикасы Үкіметі пен Австрия Федералды Қаржы министрлігінің арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге Өзгерістерге сәйкес, шетелдік банктер шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар (1, 2 қосымшаларға сәйкес) үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді, сондай-ақ төлем жасалған күнгі бағамдық айырманың өзгеруіне ескере отырып есептелген айыппұлдардың сомасын 1997 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлесін;

заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеру жүргізсін және оларды пайдалануды бұзу фактілері анықталған жағдайда материалдарды, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тарту мақсатында құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

алынған қаражаттардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1860 қаулысымен
бекітілген
1- қосымша

## Шетел несиелерін өтеу бойынша алдағы төлемдердің сомасы

| Қарыз алушы ұйым | Төлем валютасы | Төлем сомасы | Негізгі борыш | Проценттер | Басқа. лар |
|---|---|---|---|---|---|
| **Австралия несие жүйесі** | | | | | |
| "Фосфор"* АҚ | USD | 72,222.76 | | 48,939.35 | 23,283.41 |
| **Герман несие жүйесі** | | | | | |
| "Екібастұзкөмір" МАҚ | DM | 280,205.30 | | 280,205.30 | |
| "Актурбо" АҚ | USD | 2,681,715.66 | 2,681,715.66 | | |
| **АҚШ несие жүйесі** | | | | | |
| "Тағам" АҚ | USD | 2,141,285.61 | 1,651,268.86 | 476,153.70 | 13,863.05 |
| "Кең дала" АҚ (АБН АМРО Банк) | USD | 8,468,496.36 | 4,758,280.80 | 3,697,027.87 | 13,187.69 |
| **Түрік несие жүйесі** | | | | | |
| "Медеу-Эмсаш- | USD | 1,630,812.51 | 1,500,000.00 | 130,812.51 | |
| Алатау" БК | | 729,861.09 | 666,666,66 | 63,194,43 | |
| "Игілік" АҚ | USD | 929,264.28 | 857,245,50 | 72,018.78 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| БАРЛЫҒЫ: | USD | 16,653,658.27 | 12,115,177.48 | 4,488,146.64 | 50,334.15 |
| | DM | 280,205.30 | | 280,205.30 | |

Ескерту:

Сома шетелдік банктердің көрсеткен шоттарына сәйкес нақтылануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1860 қаулысымен
бекітілген
2- қосымша

Шетел несиелерін өтеу бойынша
алдағы төлемдердің сомасы

| Қарыз алушы ұйым | Төлем валютасы | Төлем сомасы | Негізгі борыш | Проценттер | Басқа. лар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Герман несие жүйесі | | | |
| "Екібастұзкөмір" | DM | 615,257.02 | 615,257.02 | | |
| МАҚ | DM | 879,111.26 | 767,550.00 | 111,561.26 | |
| БАРЛЫҒЫ: | DM | 1,494,368.28 | 1,382,807.02 | 111,561.26 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК